

ӘОЖ 372.853

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРАКТИКА КЕЗІНДЕ БОЛАШАҚ ФИЗИКА МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КӘСІБИ ШЕБЕРЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Саяхат Дауыл

Sayakhath.dauyl9698@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Ж.К. Ермакова

Бүгінгі таңда ғылымда және білім беру жүйесінде интеграция процестерінің жедел жүзеге асуының маңыздылығы тұсында, танымның диалектикалық бірлігі және шындықтың қайта құрылуының маңыздылығы арта түсуде. Педагогикалық практика әр түрлі, әсіресе интегралды, кешенді білімді қолдануды қажет етеді, сондықтан оны қолданудың соңғы нәтижесі жаңа білім алу және жаңа іскерлікке үйрену болып табылады. Педагогтік мамандықтың мәнін тану және меңгеру ұзақ уақытты талап етеді, әлеуметтік дамудың әр кезеңінде оқу-ағартушылық ісіне жаңа талаптар мен міндеттер қойылған сайын жаңарып, дамып отырады.

Қандай да болмасын маман дайындау мәселесінің нәтижелілігі теориялық білім мен практикалық іскерліктің қабысуынан келіп туындайтыны белгілі. Осыған байланысты педагогикалық практиканың негізгі міндеті студенттің педагогикалық ойын дамытып, іскерлігін шыңдау.

Педагогикалық практика студенттердің өзін-өзі дамытуына, ізденуіне, өз икемдігі мен талантын анықтауына да көмектеседі. Себебі, қазіргі таңда педагогтер алдына қойылып отырған талаптардың басты бір саласы – мұғалімнің, жалпы адамның өзін-өзі бағалай білуі. Сырттан біреудің берген бағасынан гөрі адамның ішкі және сыртқы мүмкіндіктерін есептей отырып, өзін-өзі анықтауы оның бойындағы күш-қуатты шығарып қана қоймай, білімі мен тәжірибесін орынды жерінде, тиімді пайдалануына жағдай туғызады.

Педагогикалық практика мамандық бойынша оқу-тәрбие үрдісінде ұйымдастырылатын жұмыс түрлерін саралауға, іріктеуге, алдыңғы қатарлы іс-тәжірибелерді тиімді қолдануға да үйретеді. Мектеп мұғалімдерінің іс-тәжірибесінің оңтайлы, қолайлы, жаңа түрлерін бақылай білуге, анықтауға, бағалауға, талдауға, қорытынды жасауға да төселеді. Басқа педагогтің жұмысындағы жақсы жақтарын көре білу үлкен дайындықты, мұғалімдік этиканы, мәдениеттілікті, білімділікті қажет етеді.

Өз ісін жете білетін маман дайындауда педагогикалық практиканың алатын орнын айтып қана қоймай, оның ішкі мазмұнын түпкі мақсатын түсінген педагогтер бұл туралы өз пікірлерін ертеден-ақ ортаға салып келеді. С.Т.Шацкий “Жас мұғалімдер өмірмен байланысты педагогикалық ортада үйрену керек. Жастар үшін академиялық қажеттілікпен шектелу және практикалық қызметке сырттай бақылаушы ретінде қарау зиянды. Өз

күшімізді байқау үшін курстардың арнайы жағдайларында пайда болған идеяларды тексеріп көруді дамытуымыз керек” - деп, атап көрсеткен еді.

Педагогикалық білім берудегі өндірістік тәжірибе – болашақ мұғалімдердің кәсіби шеберліктерін қалыптастыруда маңызды факторлардың бірі екені белгілі. Болашақ физика мұғалімдерінің педагогикалық тәжірибесіне тоқталып өтейік. Жалпы физика факультетінің педагогикалық бөлімінің 4-ші оқу курсының бакалаврларын дайындау мысалында жылдық оқу жоспары бойынша бұл педагогикалық іс-тәжірибе оқу жылының басында қарастырылып, бекітіліп, уақыт бойынша 8 аптаға созылатыны нақтыланып, және де тәжірибенің өту орны ретінде жалпы білім беретін мектеп болып табылатыны айқындалады. Аталмыш педагогикалық іс-тәжірибенің мақсаты:

- теориялық және әдістемелік білімді, іскерлік пен дағдыны тереңдету, бекіту;
- педагогикалық қызметте қажетті кәсіптік құзыреттіліктерді қалыптастыруды аяқтауға негізделген тәжірибені келешек физика пәні мұғалімі ретінде меңгеру.

Педагогикалық іс-тәжірибе барысында студенттерде жалпы және кәсіптік құзыреттіліктерді және шеберлікті қалыптастыру талап етіледі: ол біріншіден, жалпы білім беру мекемесінің жайындағы егжей-тегжейлі ақпараттарды білу, мектептің тәрбие жұмысының жүйелерін, мазмұнын, нысандары мен әдістерін зерттеу, физика пәні мұғалімдерінің сабақ барысындағы және сыныптан тыс жұмыстар өткізуіндегі ерекшеліктерге мән беру; екіншіден, физика мұғалімі мен сынып жетекшісінің қызметінде нормативтік-құқықтық құжаттарды пайдалана білу, қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды, әдіс-тәсілдерді және оқу-әдістемелік құралдарды пайдалана отырып, физика сабағын өткізуді ұйымдастыру мен сабақ түрлеріне заманауи білім ресурстарын, нысандарын қолдана білу арқылы сабаққа әдістемелік талдау жасау және сабаққа интроспекция жасау, өзінің педагогикалық іс-әрекетін талдау, оқу процесінің барлық қатысушыларымен (оқушылар, мұғалімдер және ата-аналар) өзара әрекеттесу; мектеп оқушыларына мәдени-ағарту және кәсіптік бағдар беру бойынша сыныптан және мектептен тыс іс-шараларды жоспарлау, ұйымдастыру және өткізу; үшіншіден, педагогикалық қызметте ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, сандық білім беру ресурстарын пайдалану дағдыларын меңгеру, сабақ барысындағы және сабақтан тыс жағдайларда кәсіби қарым-қатынас дағдылары қалыптастыра білу;

Педагогикалық іс-тәжірибенің мазмұны бір-бірімен тығыз байланысты және таныстыру, тәрбиелік тәжірибеге негізделген. Тәжірибе барысында студенттер теориялық, әдістемелік білімдерін, шығармашылық және кәсіби дағдыларын сынап, мамандықты дұрыс тандағандарына көз жеткізеді.

Әдістемелік тәжірибе 4 кезеңді қарастырады: біріншісі – дайындық, екіншісі – тәжірибені өту кезеңі, үшіншісі – тәжірибе нәтижесін тіркеу және төртінші – тәжірибені талдау. Дайындық кезеңі студенттерді таныстыру конференциясына, қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулыққа, өндірістік тәжірибе базасын анықтауға және тәжірибе жоспарын құруға арналған. Екінші кезең мектептерде өтеді.

Тәжірибе барысында студенттер мектептің қызметімен, мектеп әкімшілігімен, мектеп құжаттамасымен қоса берілген сыныппен танысады, бекітілген сыныптағы сабақтарға қатысады және конспект жасайды, физика сабақтарын, үйірме сабағын, физика сыныптан тыс іс-шараны өткізеді. Оқу іс-шарасы, физика мұғаліміне және сынып жетекшісіне көмек көрсету, сыныпқа сипаттама жасау, бітіру біліктілік жұмысына практикалық материал жинау, олар міндетті түрде тәжірибенің педагогикалық күнделігін жүргізуі керек. Үшінші кезеңде тағылымдама бойынша есеп беру құжаттарын дайындап, рәсімдеу жүргізеді. Есепте барлық өткізілген сабақтар, өткен сабақтың сипаттамасы, сыныптан тыс, тәрбие жұмыстары әдістемелік талдаумен қоса берілуі тиіс. Ал соңғы кезең әдістемелік тәжірибе құжаттарын практика жетекшісіне тапсыру және қорғау және есеп беру конференциясында көпшілік алдында сөз сөйлеуге арналған. Бағалау екі тәсілмен жүзеге асырылады, біріншіден, қоса берілген физика мұғалімі мен сынып жетекшісі өтініште өз бағаларын қояды, студенттің педагогикалық практикасына жалпы сипаттама береді, екіншіден, есеп беру

конференциясында көпшілік алдында сөз сөйлеу арқылы іс-тәжірибе жұмысының қорытындысын шығарып, қорғайды.

Сөз соңында студентке тәжірибе бойынша сұрақтар қойылады, педагогикалық жағдаят беріледі, сұраққа сай жауап берілуі тиіс. Есеп беру конференциясында 3 секция қарастырылған: «Физикадан сыныптан тыс жұмыстар»; «Мектептегі қазіргі заманғы физика сабағы»; «Тақырыптық тәрбиелік іс-шара».

Құжаттарды қабылдауды, студенттермен әңгімелесуді және баяндамамен көпшілік алдында сөйлеуді зерделеу нәтижелері бойынша педагогикалық іс-тәжірибе кезінде жылдан жылға қайталанып отыратын келесі мәселелер:

- сабақ уақытын ұтымды пайдалана алмау,
- сабақта тәртіпті сақтай алмау болып табылады.
- аудитория алдына шығып сөз сөйлеуден қысылатын және сөздік қоры аз стажер.

Әрине, бұл мәселелердің барлығын бір күнде шешу мүмкін емес, олар әр мұғалімнен алған тәжірибесін терең талдауды, толық түсінуді өз бетімен жұмыс істеуді, педагогикалық тәжірибені бірте-бірте толықтыруды және балалармен жұмыс істеуге, оларға білім беруге деген үлкен ұмтылысты талап етеді. Педагогикалық ортада тәжірибе барысында алынған тәжірибелік дағдылар болашақ мұғалімнің қызметін, болашақ кәсіби міндеттерін жақсы түсінуге ықпал етеді. Бұл жалпы білім беретін мектептегі жұмыс мұғалімнің іс-әрекеті туралы түсініктерді сапалы түрде қалыптастыратын, сабақты, тәрбиелік іс-әрекеттің барлық түрлерін өткізуде және оқушылармен, ата-аналармен, болашақ әріптестермен қарым-қатынас жасауда практикалық педагогикалық дағдыларды меңгеруге ықпал етеді. Әзірленген әдістемелік ұсыныстар (күнделікті жасалған жұмыстар көрсетілген педагогикалық күнделік, сабақтың немесе оқушының әдістемелік талдауын жасау үлгілері, сабақтың технологиялық картасы және т.б.), сонымен қатар мұғалімнің мектеп құжаттарын құрастыру және жобалау тәжірибесін байыту.

Әр кездегі зерттеулер мен бақылаулар негізіне сүйенетін болсақ, педагогикалық іс-тәжірибенің қорытындысы бойынша: студенттердің жартысынан көбі міндетті түрде мектепке өздері оқып жатқан мамандық бойынша мұғалім болып барады, 12%-ы күмәнданады (бірақ мектепке баратынын жоққа шығармайды), қалған 4%-ы оқуға ниетті, яғни магистратурада оқуын жалғастыру немесе мамандығын өзгертуді ойлайды.

Тағы бір айта кететін жайт, тағылымдамадан сәтті өту білім беру үдерісінде тұлғалық-бағдарлы және құзыреттілік тәсілдерді қолданудың тиімділігін көрсетеді. Оқытудағы тұлғалық-бағдарлы көзқарас, ең алдымен, жеке тұлғаның даралығын, оның педагог ретіндегі мүмкіндіктері мен қабілеттерін ескеруді, екіншіден, оқу-тәрбие процесінің субъектісі ретінде оған құрметпен қарауды көздейді. Қазіргі кәсіптік білім берудің талаптары белгілі бір қызмет түрлеріне құзыреттіліктерді қалыптастыруға дейін төмендейді. Сондықтан оқу процесінде құзыреттілік әдісті қолданудың өзектілігі даусыз. Құзыреттілікке негізделген тәсіл мемлекеттік білім беру стандарттарында қарастырылған белгілі бір құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған білім алушылардың оқу нәтижесіне қызығушылығын тудыру үшін оқу үдерісін жобалауды көздейді. Студенттер әр пәнді оқығанда сол пәннің келешектегі кәсібіне қаншалықты керектігін түсінген жағдайда ғана шығармашылыққа ұмтылып, өздігінен ізденушіліктері күшейеді. Білімдерін толықтырып, қосымша әдебиеттер оқып, өзін өзі бақылауға жұмылады. Себебі, қазіргі студент ол аз уақыттан кейін дайын маман, ол болашағын ойлап іс істейтін тұлға. Институт қабырғасында оқып, білім алу барысында олардың ғылыми түсініктері, түрлі талдаулар арқылы қалыптасқан ұғымдары бар.

Соңғы жылы Білім және ғылым министрлігінің бекітіп, маман дайындауда басшылыққа алуға ұсынған жоғары білімді мұғалімдерді мамандандыруға қосымша сағаттар берілгені мәлім. Бұл сағатты әр институт өз мүмкіндіктеріне қарай қандай бағытта мамандандыру керектігін өздері шешеді. Сөйтіп, студенттер үшінші курстағы педагогикалық практикаға теориялық, практикалық, психологиялық тұрғыдан дайын келеді. Үшінші курстағы педагогикалық практика институттағы аудиториялық дайындықпен қатар осыған дейінгі үш дүркін ұйымдастырылған педагогикалық практикалар негізінде өткізіліп, болашақ мамандардың келешектегі іс-әрекеттерінің ғылыми практикалық негізін қалайды. Осы

практикалардың бәрінің нәтижесі төртінші курста ұйымдастырылатын алты апталық оқу-тәрбие практикасының мазмұнымен жалғасады. Осы келтірілген деректерден физика пәнінің мамандарын дайындау барысында оларға кәсіби бағдар берудің мазмұны мен мақсатын байқауға болады.

Қазіргі уақытта жас мамандарға қойылатын міндет, заман талаптарына және экономиканың қажеттіліктеріне сәйкес өте жоғары. Білім берудің сапасы мен қолжетімділігі елдің бәсекеге қабілеттілігінің негізгі факторы болып табылады. Оқыту әдістемесін арттырып мұғалім мамандығының беделін арттыра отырып, университет бүгінгі таңда ел дамуының қуатты қозғаушы күшіне айналып отыр.

Осыған байланысты білікті, бәсекеге қабілетті, сапалы кадрларды даярлауды жүзеге асыру үшін, дуальды оқыту жүйесін қолдану ең негізгі тиімді жолдардың бірі болып табылады. Бұндай оқыту жүйесі әлемдік деңгейде кеңінен қолданылады. Қазақстанда біраз уақыттан бері дуалды оқытуды білім беру жүйесіне енгізу үдерісі қарқынды түрде жүріп жатыр. Дуалды білім беру жүйесінің тиімділігі өте жоғары және соларға тоқтала кететін болсақ:

Дуалды білім беру жүйесінің тиімділігі:

- мамандарды даярлаудың дуалды жүйесі білім берудің дәстүрлі нысандары мен әдістерінің негізгі жетіспеушіліктері – теория мен тәжірибе арасындағы алшақтықты жояды;
- даярлаудың дуалды жүйесінің құрылымында маманға әсер етіп, болашақ қызметкердің жаңа психологиясын жасау механизмі жатыр;
- қызметкерлердің дуалды білім алу жүйесі білім алу мен жұмысқа дағдылануға жоғарғы мотивация береді, өйткені олардың алған білімдерінің сапасы жұмыс орындарында атқаратын қызметтік міндеттеріне тікелей байланысты;
- сәйкес мекемелер басшыларының өз қызметкерлерін іс жүзінде оқытуға мүдделілігі;
- тапсырыс берушімен тығыз қатынаста жұмыс істейтін оқу орыны оқу барысында болашақ мамандарға қойылатын талаптарды ескереді;
- дуалды білім беру жүйесі таяу жылдары Қазақстанның кәсіби оқытуында кеңінен қолданылуы мүмкін.
- мамандардың кәсіби дайындығын жоғарылатуға ықпал етеді;
- еңбек өнімділігі артады, халықтың көшіп – қонуы азаяды, әлеуметтік шиеленіске жол берілмейді.

Дуалды оқыту жүйесі арқылы түлектердің жұмысқа орналасу мүмкіншіліктері күн санап артуда, өйткені бітіруші жас түлектер жұмыс берушінің талаптарына толық жауап беруде.

Дуальді жүйе оқу үрдісінде теориялық және практикалық дайындықты үйлестіруге мүмкіндік береді. Білім алумен қатар студенттер таңдаған мамандығын тікелей мектептерде практикалық түрде ұштастырады. Практика мен теориялардың алмасуы барлық оқу процесі барысында жалғасып отырады. Тәжірибелік дайындық рөлінің артуының арқасында, болашақ мамандар мектептегі проблемаларды оқу барысында білікті мамандармен талқылап шеше алады. Олар өндіріске маман ретінде бекітіле отырып, оқу барысында ерекше көзқарас қалыптастырып, жауапкершілікті түсініп, қызыға оқиды. Сонымен қатар студент өндірістік ұжымдағы қарым-қатынасқа ерте бейімделіп, әлеуметтік ортаға үйренеді. Бұл жерде еңбек нарығында сұраныс болса, жаңа бітірген жас маман жұмысқа тез-ақ орналасатынын ерекше айтып өткім келеді. Ақиқатында жастарға дуалды оқыту жүйесі ересек өмірге өтуге бейімделу жеңіл болады. Оқу барысында өз еңбегіне ақы ала отырып, ал кейін жақсы маман жұмыс орнына кедергісіз орналаса алатын болады. Дуалды оқыту жүйесі Германия, Австрия, Дания, Нидерланды, Швейцария сияқты көптеген еуропалық елдерде және соңғы жылдары Қытайда және Азияның басқа да елдерінде кең тараған және оң нәтижеге ие болып отыр және осы дамыған елдердің қатарында Қазақстан Республикасында биік тұғырдан көрінері хақ.

Қорытындылай келе, әдістемелік тәжірибеден өту процесі мұғалімнің дамуының, кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың, табысты педагогикалық мансабын құрудың

маңызды кезеңі болып табылатынын атап өтеміз. Әдістемелік тәжірибеден өту процесі жас ұрпақты оқыту, тәрбиелеу және дамыту үшін педагогикалық іс-әрекеттің одан әрі бағытын жобалай отырып, болашақ мұғалімнің жеке педагогикалық стилін дамытуға ықпал етуі керек. Кәсіби құзыреттіліктердің қалыптасуы студенттің оқытушымен бірлескен оқу іс-әрекетіне, теориялық материалды болашақ мұғалімге сапалы түрде жеткізуіне тікелей байланысты.

Зерттеу кәсіби шеберлікті ойдағыдай қалыптастыру үшін студенттің теориялық оқу іс-әрекетіне көңіл бөлу қажеттігін көрсетті. Ол үшін оқыту процесінде тұлғалық-бағдарлы, құзыреттілікке негізделген көзқарасты ұстанып, оқушының жеке басын жан-жақты зерттеп, оның бойындағы мүмкіндіктері мен қабілеттерін аша отырып, білім деңгейін бағалаудың заманауи педагогикалық технологияларын кеңінен қолдану қажет. Оның кәсіби шеберлігін қалыптастыру, диагностикалық жұмыс, дәстүрлі емес формалар – психологиялық тренингтер, диспуттар, заманауи сабақтарды дамыту, мектептегі іс-шаралар және т.б.

Әрине, болашақ мұғалімдердің кәсіби шеберлігін қалыптастыру үшін әдістемелік тәжірибелердің үлкен әлеуеті бар, олар келесі кәсіптік қызмет түрлерімен ұштасып жатады: мектеп оқушыларын оқыту мен тәрбиелеуді ұйымдастыру; қоғамдық және білім беру ұйымдарымен, балалар ұжымдарымен және ата-аналармен өзара әрекеттесу; білім сапасын қамтамасыз ету үшін білім беру ортасының мүмкіндіктерін, ақпараттық технологиялар құралдарын пайдалану; кәсіби өзін-өзі тәрбиелеу мен тұлғалық өсуді жүзеге асыру. Егер өтілген педагогикалық іс-тәжірибе барысында жоғарыда көрсетілген жұмыстар өз деңгейінде орындалған болса, болашақ ұрпақты тәрбиелейтін сапалы, жан жақты мұғалімдер шығатынына сенімім мол және дайын ұстазды дайындау мүмкіндігі болар еді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Скрябина А.Г. Болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктерін педагогикалық іс-тәжірибеде қалыптастыру, №7, 2021, 10-15.
2. Ахлиллов Т., Нетьматова М.Х., Мамаджонов С.Х. Формирование профессиональной компетенции будущих педагогов в условиях вузовского образования // Известия ВУЗов Кыргызстана, №15, 2018, С. 121-124.
3. Вербицкий А., Попов Ю.В. Самостоятельная работа студентов: про- блемы и опыт // Высшее образование в России, № 2, 1995, С. 137-145.
4. Белик Е.В., Игнатова А.В. Основные направления реализации исследовательского потенциала педагогической практики // Проблемы современного педагогического образования, Т. 69, №1, 2020, – С.76-79.
5. Гусева С.Г. Учебная и педагогическая практика как ключевые факторы выбора будущей профессии // Конструирование педагогической заметки, Т. 6, №1(9), 2018, С. 136-161.